

Бағдарламалық құжаттардың орындалуын бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 182-ө өкімі

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын, білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй құрылысы салаларындағы мемлекеттік бағдарламаларды (бұдан әрі - бағдарламалық құжаттар) уақтылы іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) бір апта мерзімде бірінші басшылардың орынбасарлары ішінен бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы үшін жауапты лауазымды адамдарды (бұдан әрі - жауапты адамдар), сондай-ақ ішкі бақылау үшін жауапты адамдарды (бұдан әрі - лауазымды адамдар) белгілесін және тиісті бұйрықтардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне (бұдан әрі - Кеңсе) ұсынсын;

2) жауапты адамдардың бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тұрақты мониторингін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, оның орынбасарлары мен Кеңсе Басшысы тапсырмаларының уақтылы орындалуын лауазымды адамдардың бақылауын қамтамасыз етсін.

2. Кеңсе 2004 жылдың екінші жарты жылдығында:

1) Кеңсенің құрылымдық бөлімшелерінің және орталық атқарушы органдардың қызметкерлерінен тұратын, Кеңсе Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторлары басқаратын бағдарламалық құжаттардың жергілікті жерлерде орындалуын бақылау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс топтарын қалыптастыруды және өңірлерге жіберуді
п р а к т и к а ғ а е н г і з с і н ;

2) Кеңсе Басшысының орынбасарларында жауапты адамдарды тыңдауды, ал қажет болған жағдайда әрі лауазымды адамдарды тыңдауды ұйымдастырсын, олардың нәтижелері бойынша Премьер-Министрдің орынбасарларында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында немесе Үкіметтің отырыстарында облыстардың, Астана мен Алматы қалалары әкімдерін және орталық атқарушы органдардың бірінші басшыларының есептерін, сондай-ақ тиісті адамдардың жауапкершілігі туралы тыңдау туралы
ұ с ы н ы с т а р е н г і з с і н ;

3) бағдарламалық құжаттардың, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің,

оның орынбасарларының және Кеңсе Басшысы тапсырмаларының іске асырылуы үшін жауапты орталық атқарушы органдар құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын Кеңсенің құрылымдық бөлімшелеріне шақыруды әрі тыңдауды практикаға енгізсін.

3. Орталық атқарушы органдар Кеңсенің талап етуі бойынша бағдарламалық құжаттардың жергілікті жерлерде орындалуын бақылау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс топтарының құрамына енгізу үшін мамандар бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Кеңсе Басшысы осы өкімнің орындалуы жөнінде шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр